



ТОҚТАРБЕКОВА ҚҰРАЛАЙ ТОҚТАРБЕКҚЫЗЫ

Сениор-лектор, магистр

Тоқтарбекова Құралай Тоқтарбекқызы, 1983 жылы туған, қазақ, білімі жоғары, психология және педагогика магистрі, Психология және коррекциялық педагогика кафедрасының аға оқытушысы. Жалпы жұмыс өтілі 17 жыл; оның ішінде ғылыми-педагогикалық өтілі – 17 жыл.

Тоқтарбекова Құралай Тоқтарбекқызы 2004 жылы Шығыс Қазақстан мемлекеттік университетін «Психология» мамандығы бойынша психолог-бакалавр біліктілігімен бітірді. 2006 жылы – С.Аманжолов атындағы Шығыс Қазақстан мемлекеттік университетінің «Педагогика-психология» мамандығы бойынша магистратураны үздік дипломмен аяқтады.

2006 жылдан бастап С.Аманжолов атындағы ШҚМУ «Психология және коррекциялық педагогика» кафедрасының оқытушысы, 2010 жылдың қыркүйегінде кафедраның аға оқытушысы болып ауыстырылды. 2011-2012 жж. психология, педагогика және мәдениет факультеті деканының оқу ісі жөніндегі орынбасары қызметін атқарды. 2012 жылы ШҚМУ ББО Психофизиологиялық зертханасының кіші ғылыми қызметкері (полиграфолог).

25 ғылыми жұмыс, оның ішінде 4 оқу құралы жарық көрді. Қазақстан полиграфологтар қауымдастығының мүшесі.

Тоқтарбекова Құралай Тоқтарбекқызы бакалавриат бойынша этнопсихология, психодиагностика негіздері, әлеуметтік психология, психотехнология, даму психологиясы, мүмкіндігі шектеулі балалардың педагогикалық диагностикасы пәндері бойынша дәрістер курсы әзірлеп, өңдеген. Білім беру әдістерін, формалары мен технологияларын үнемі жетілдіріп отыратын мамандарды даярлаудың заманауи талаптары деңгейінде өтуде. Пікірталас әдістерін, слайд-дәрістерді, электронды оқулықтар мен оқу құралдарын кеңінен қолданады. Студенттерді ғылыми-зерттеу жұмыстарына белсенді тартады, оның нәтижелері курстық және дипломдық жобаларда, жарияланымдарда көрініс табады.

Әдістемелік семинарларға үнемі қатысып, әдістемелік мәселелерді талқылауға белсене қатысады.

Тоқтарбекова Құралай Тоқтарбекқызы түрлі ғылыми-практикалық, университетшілік және халықаралық конференциялардың тұрақты қатысушысы. Студенттердің ғылыми-зерттеу жұмыстарына жетекшілік етеді. Жыл сайын жоғары сынып оқушылары арасында психология пәнінен облыстық олимпиада ұйымдастырады. Ғылыми қызығушылықтар аясы: Әлеуметтік психология, этнопсихология, балалармен жұмыстағы

психотехнологиялар; тұлға психологиясы, тұлғаның құндылық-семантикалық саласы. Академиялық емес қызмет: Балалар психологы; Психолог-тренер.